

ПӘН	Физика	СЫНЫП	8 ^б
ТАҚЫРЫБЫ	Ішкі энергия. Ішкі энергияны өзгертудің тәсілдері.		

МАҚСАТЫ	Ішкі энергия МКТ-ның негізгі қағидалары екенін түсіну, ішкі энергияны өзгертудің тәсілдерінің тұрмыста қолданылуын талдай білу.
МІНДЕТІ	Ішкі энергия туралы түсінік қалыптастыру. Жылу берілу түрлерінің әр түрлі жағдайларда түсіндіре білуге үйрету. Оқушыларды өз бетімен бір сәт мұғалімдікке үйрету.
КҮТІлетін нәтижесі	Ішкі энергия туралы түсініктері қалыптасады; Жылу берілудің түрлерінің тұрмыста және техникада қолдана, түсіндіре алады. Топтық жұмыста бір-бірін тыңдай білуді үйренеді.

САБАҚТЫҢ ӨТУ БАРЫСЫ

Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті (жұмыс түрі, орындалуы, уақыты)	Тапсырма мазмұны	Оқушы әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру бөлімі	-Амандасу -Оқушыларды түгелдеу - Топқа бөлу.	Туған күндеріңіз бойынша тұрып, 1-ден 4-ке дейін санаңдар	Амандасады. Оқу құралдарын жинақтап, назарларын сабаққа аударады. Дөңгеленіп тұрады. Санап, топқа бөлінеді.		
	Өткен тақырып бойынша қойған белгілерін талдау.		Балалар өздері үшін түсініксіз, ақпарат болған және білемін деп толтырған сұрақтарын айтып, жауап беруге тырысады.		
Үй тапсырмасын тексеру.	Балалар, үйге әр топ бір жуан, бір жіңішке сұрақ дайындап келу керек еді.	Жіңішке сұрақтар. 1/ Қатты денелерде диффузия бола ма? 2/ Диффузия жылдамдығы температураға тәуелді ме? 3/ Газ бен сұйықтың қайсысында диффузия құбылысы тез жүреді? 4/ Диффузия құбылысын заттың молекуласының қозғалысымен түсіндіруге бола ма? Жуан сұрақтар. 1/ Оттың түтіні желсіз күні де көрінбей қалатыны неліктен? 2/ Сутегімен толтырылған шарларды қайда сақтаған жөн: жылы бөлмеде ме, әлде салқын бөлмеде ме? 3/ Неліктен сулы темный түсті киімдерді ақ түсті киімдердің қасында ұзақ уақыт ұстауға болмайды? 4/ Аузы ашық көмірқышқыл газы бар	Әр топтан бір жуан, бір жіңішке сұрақтарын қарсы топтарға қояды. Басқа топтар жауап беру керек.	Оқушылардың үй тапсырмасын жауапкершілікпен орындауы, жылу құбылыстарын күнделікті өмірмен байланыстыра алып, түсіндіре білулері.	

		ыдысты таразыда теңгерген. Уақыт өте келе тепе-теңдік бұзылды. Неліктен?			
	Әр топқа кроссворд беру. Сұрақтар үй тапсырмасынан алынған. Сұрақтарға жауап бергенде жаңа тақырып ашылады.	<p>1-топ. Ішкі</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дененің жұмыс істеу қабілетін сипаттайтын шама. 2. Заттан құралады. 3. Заттың ең ұсақ бөлшегі. 4. Сұйықта қалықтаған бөлшектердің жылулық қозғалысын анықтаған ғалым. 5. Көлемін де пішінін де сақтамайды. 6. Зат молекулаларының араласып, ену құбылысы. 7. Атомның оң зарядталған бөлігі. <p>2-топ. өткізгіштік.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Молекулалардың ретсіз қозғалысы. 2. Көлемін сақтап, пішінін сақтамайтын заттың күйі. 3. Зат мөлшерінің өлшем бірлігі. 4. Заттың ең ұсақ бөлшегі <p>3-топ.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Абсолют шкаладағы температура бірлігі. 2. Заттың ең ұсақ бөлшегі. 3. Сұйықта қалықтаған бөлшектердің жылулық қозғалысын анықтаған ғалым. 4. Бір моль мөлшеріндегі молекула саны. 5. Заттан құралады. 6. Заттың атомнан тұратындығын ашқан ғалым. 7. Мырыш. 8. Көлемін сақтап, пішінін сақтамайтын заттың күйі. 9. Атомның оң зарядталған бөлігі. <p>4-топ. шығару.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Көлемін сақтап, пішінін сақтамайтын заттың күйі. 2. Молекулалардың арасында өзара болады. 3. Молекулалардың ретсіз қозғалысы. 4. Денені қыздырғанда қандай параметрі ұлғаяды. 5. Заттан құралады. 	<p>I топ. Ішкі энергия.</p> <p>II топ. Жылу өткізгіштік.</p> <p>III топ. Конвекция.</p> <p>IV топ. Сәуле шығару.</p>		
Негізгі бөлім.		<ol style="list-style-type: none"> 1/ Ішкі энергия дегеніміз не? 2/ І.э.өзгертудің тәсілдері. 3/ Жылу өткізгіштік. 4/ Конвекция. 5/ Сәуле шығару. 6/ Техникада және тұрмыста қолданылуы. 	<ol style="list-style-type: none"> 1-топ. Ішкі энергия. Ішкі энергияны өзгертудің тәсілдері. 2-топ. Жылу өткізгіштік. 3-топ. Конвекция. Сәуле шығару 4-топ. Техникадағы және тұрмыстағы жылу берілу түрлерінің қолданылуы 	Оқушылардың бірігіп жұмыстануы, тақырыпты нақты, дәл жеткізулері, бір-бірін тыңдай білулері	
	Қорғау. Қосымша сұрақ қоямын. Қосымша мәлімет беремін.	Молекулалардың қозғалысын көрсету.	Әр топ бірігіп жұмыстанып, бір спикер шығып, қалған топқа түсіндіреді.	Оқушы белсенділігі, білімі, қолдана білуі, ойын толық айта білуі	Флипчарт, электрондық оқулық

Бекіту.	Кесте толтырады.	1. Денелердің ішкі энергиясы қалай өзгереді? 2. Сұрақтарға жауап береді.	Кестені толтырады. Тақтада дұрыс жауап ілінеді. Бір-бірін тексереді.	Тақрыпты меңгергендігі	Карточкалар, интер.тақта
Бағалау.	1.Бағалау критериін әр оқушыға беру. 2.Бағалау парағын әр топтан бір оқушыға ұсыну.		1.Өздерінің білім деңгейлеріне балл қояды. 2.Топ мүшелерінің білімдерін бағалайды.	Жалпы сабақ бойынша алған білімдері	Бағалау парағы
Қорытынды.	Сабакты қорытындылау.	Ү/т. Ішкі энергия. Ішкі энергияны өзгертудің тәсілдері	Рефлексияларын жазады.		Стикерлер, сурет